

## Аудандық коммуналдық мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 407 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қаңтарда № 3766 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 183 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 08.06.2015 № 183 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Зандарын басшылыққа ала отырып, "Мемлекеттік мүліктік мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 Қазақстан Республикасы Укіметінің қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған аудандық коммуналдық мүліктік мүліктік жалдауға ( жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары бекітілсін.
2. "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды алсын.
3. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Ж. Абдолов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Қуаналиевке жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

*M. Мұқаев*

Жәнібек ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 09 желтоқсандағы  
№ 407 қаулысымен  
бекітілген

## **Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары**

1. Осы аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленді және аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрган мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін және құрылышты мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу осы қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес объектінің аумақтық орналасуы, құрылыштың үлгісі, объектінің түрі, объектінің қолайлылық дәрежесі, жалдаушының объектіні пайдалануы және жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін базалық мөлшерлеме мен қолданылатын коэффициент көлемі негізінде анықталады.

Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін мемлекеттік тұрғын емес қордың және құрылыш объектілерін жылдық жалдау ақысын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Жал = Бмк x K1 x Кү x K2 x K3 x K4 x Күкн x S, мұнда:

Жал – аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрган мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері мен құрылыштар үшін жалдау ақысы, бір жылға теңгемен;

Бмк – тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Занында белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткішке тең объектінің жалпы алаңының 1 шаршы метріне жалдау ақысының базалық мөлшерлеме көлемі, бір жылға теңгемен.

K1 – объектінің аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

Кү – құрылыштың үлгісін ескеретін коэффициент;

K2 – объектінің түрін ескеретін коэффициент;

K3 – объектінің қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;

K4 – жалдаушының объектіні пайдалануын ескеретін коэффициент;

Күкн – жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент;

S – жалға алынатын объектінің жалпы алаңы, шаршы метр.

Мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері мен құрылыштарын бір айға жалдау ақысының ең төменгі мөлшері

тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен кем болмауы тиіс.

3. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысын есептеу осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Жал = Ққ x Пм, мұнда:

Жал – аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған жабдықтар, көлік құралдар және өзге де жылжымайтын мүліктер (заттары) үшін жалдау ақысы, бір жылға теңгемен;

Ққ – бухгалтерлік есеп деректері бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілген жабдықтардың, көлік құралдарының және өзге де жылжымайтын мүліктердің (заттардың) қалдық құны, теңгемен;

Пм – жалдаушының қызмет түріне қарай (салалар бойынша) жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін пайыздық мөлшерлеме, бір жылға пайызбен.

100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қалдық құны жабдықтардың, көлік құралдарының және өзге де жылжымайтын мүліктердің (заттардың) бастанқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады.

4. Мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін және құрылыштарды, сондай-ақ жабдықтар, көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды) сағат бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұсыну кезінде жалдау ақысын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

Жс = Жал / 12 / К / 24, мұнда:

Жс – аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері және құрылыштары, сондай-ақ жабдықтар, көлік құралдары және өзге де жылжымайтын мүліктер (заттар) үшін жалдау ақысы, бір сағатқа теңгемен;

Жал – аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері және құрылыштары, сондай-ақ жабдықтар, көлік құралдары және өзге де жылжымайтын мүліктер (заттар) үшін жалдау ақысы, бір жылға теңгемен;

К – объектілерді мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жүзеге асырылатын айдағы күндердің саны.

мұліктік жалдауга (жалға алуға)  
беру кезінде жалдау ақысының  
мөлшерлемесін есептеу  
қағидаларына  
1-қосымша

**Аудандық коммуналдық занды тұлғалардың балансында тұрған  
мемлекеттік тұрғын  
емес қордың объектілерін және құрылыштарды мұліктік жалдауга (жалға  
алуға) беру  
кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу  
Объектінің аумақтық орналасуын ескеретін коэффициенттің мәні, "К1"**

№	Объектінің аумақтық орналасуы	K1
1	2	3
2.	Аудан орталығы.	1,0
3.	Ауыл.	0,5

**Құрылыштың үлгісін ескеретін коэффициенттің мәні, "Кү"**

№	Құрылыштың үлгісі	Kү
1	2	3
1.	Кеңселік.	1,0
2.	Өндірістік.	0,8
3.	Спорт құрылыштары (стадиондар, спорт залдары).	0,7
4.	Қойма, гараж, қазандық.	0,6
5.	Электрмен жабдықтау жүйесінің құрылыштары (жарықтандыру желілерінің тіректері).	2,0

**Объектінің түрін ескеретін коэффициенттің мәні, "К2"**

№	Объектінің түрі	K2
1	2	3
1.	Бөлек тұрған құрылыш (ғимарат).	1,0
2.	Іргелес-жапсарлас салынған үй-жай, жапсарлас салынған үй-жай, осы кестенің 3-тармағын коспағанда ғимараттағы үй-жайлардың бөлігі.	0,9
3.	Астыңғы қабат (жартылай жертөле), жертөлелік үй-жай.	0,7
4.	Электрмен жабдықтау жүйесінің құрылыштары (жарықтандыру желілерінің тіректері).	1,0

**Объектінің қолайлылық дәрежесінің ескеретін коэффициенттің мәні, "К3"**

№	Объектінің қолайлылық дәрежесі	K3
1	2	3
1.	Абаттандырылған (барлық коммуникациялық жағдайлары бар болған кезде). Инженерлік коммуникацияларсыз (сумен жабдықтау, көріз жүйесі болмаған жағдайда), бірақ	1,0

2.	электр және жылу жүйелері болған жағдайда.	0,9
3.	Инженерлік коммуникацияларсыз.	0,8
4.	Электрмен жабдықтау жүйесінің құрылыштары үшін (жарықтандыру желілерінің тіректері).	1,0

## Жалдаушының объектіні пайдалануын ескеретін коэффициенттің мәні, "К4"

№	Жалдаушының объектіні пайдалануы	K4
1	2	3
1.	Брокерлік қызметті жүзеге асыру және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кенселер, адвокаттық кенселер үшін.	3,0
2.	Қоғамдық тамақтандыру, сауда, қонақ үй қызметін көрсетуді ұйымдастыру үшін.	2,5
3.	Банктердің есеп айырысу-кассалық орталықтары үшін, "Қазпошта" акционерлік қоғамының халыққа қызмет көрсету үшін.	2,0
4.	Мынадай салаларда қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін:	1,0
1) орта арнаулы, кәсіптік білім беру;	0,9	
2) орта білім беру;	0,85	
3) мектепке дейінгі білім беру, қосымша білім беру.		
5.	Денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында қызметтерді ұйымдастыру үшін.	0,9
6.	Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру үшін:	
кіруге шектеу қойылған аудандық коммуналдық занды тұлғалардын гимараттарында;	0,5	
жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы білім беру	0,55	
1) мекемелеріндегі занда;	0,45	
2) асханалар: занды тұлғалар үшін; 0,75		
3) жеке тұлғалар үшін; 0,65		
буфеттер, кафетерийлер: занды тұлғалар үшін; 0,6		
жеке тұлғалар үшін; 0,75		
калғандары асханалар; буфеттер, кафетерийлер.		
7.	Халыққа қызмет көрсету (шаштараз, фотосурет, химиялық тазалау, кір жуу, киім, аяқ киім тігу және жондеу, электр, радио, телеаппаратураларды және ұйымдастыру техникасын жондеу), тұтыну тауарларын, өндірістік-техникалық бағыттағы өнімдерді және қызметтерді өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеу.	0,6
8.	Осы кестегі 1-7 тармақтарда көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда, қызмет түрлері үшін.	1,9

## Жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициенттің мәні, "Күкн"

№	Жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны	Күкн
1	2	3
1.	Қайырымдылық және қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық емес ұйымдар үшін.	0,5
2.	Мемлекеттік акциялар пакеті (қатысу үлесі) бар акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) үшін.	0,8

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын занды тұлға, шаруашылық серіктестіктер, өндірістік

3.	кооперативтер күрмаган дара кәсіпкерлер үшін (сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда 0,9 , өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халықта қызмет көрсету саласын дамыту үшін).	0,9
4.	Осы кестенің 1-3 тармақтарында көрсетілген жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысандарын қоспағанда, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысандары үшін.	1,0

Аудандық коммуналдық мүлікті  
мүліктік жалдауға (жалға алуға)  
беру кезінде жалдау ақысының  
мөлшерлемесін есептеу  
қағидаларына  
2-қосымша

**Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған  
жабдықтарды,  
көлік құралдарын және өзге де жылжымайтын мүліктерді (заттарды)  
мүліктік  
жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысын есептеу  
Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент мәні, "Пм"**

№		Жалдаушының қызмет түрлері (салалар бойынша)	П м , пайызбен
1	2		3
1.	Тұрмыстық қызмет көрсету, коммуналдық шаруашылық, қоғамдық тамақтандыру (асхана, буфет, кафетерий), тамақ өнімдерін өндіру, халықта медициналық, емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсету, білім беру, спорт, мәдени-ағарту қызметі.	28	
2.	Тұтыну тауарларын өндіру, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен қызметтер, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеу, ауыл шаруашылығы, құрылыш, ақпараттық-есептеу және ұйымдастыру техникасы, байланыс.	33	
3.	Көтерме-бөлшек және комиссиялық сауда, қоғамдық тамақтану (мейрамхана, кафе, бар).	38	
4.	Осы кестенің 1-3 тармақтарында көрсетілген қызмет түрлерін қоспағандағы, қызмет түрлері үшін.	38	